

**ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ТУЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ  
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

**Жаңбырбаева Гүлнази Рахметоллақызы**

*gulnazi.zhanbyrbeava.2000@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ Заң факультеті  
«Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Мұратханова М.Б.

Менің бұл мақаланы жазудағы басты мақсатым бұл мемлекетіміздегі жасөспірімдер арасындағы қылмыстарды азайту және теріс жолға түскен жасөспірімдерге дұрыс жол нұсқау. Қылмыстық кодекстегі қолданылатын жазалардың ең маңызды мақсаттарының бірі болып бұл қылмыскердің кері дұрысталуына қатысты қолданылатын іс шаралар ретінде қарастырылады сонымен қатар болашақта осы қылмыстарды кері болдырмау.

Қазіргі уақытта қылмыстардың басым бөлігін жасөспірімдер жасайды, бұл ретте қылмыс жасаушылардың "жасаруы" жалғасуда. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту, оларды түзету, ең бастысы, жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу мәселелері жыл сайын өзекті болып отыр. Мен бұл мәселеге тоқталмас бұрын осындай қылмыстардың туындау негіздеріне және жасөспірімдерді бұндай қылмыстарға итермелейтін жағдайларға тоқталып кеткім келіп тұр.

Жасөспірімдер қылмыс (жалпы девианттық) проблемасы болмыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайға тікелей байланысты болып табылады, бұл жағдай тек қылмыстық-құқықтық шаралармен ғана емес, сонымен қатар ата-ана немесе мектеп "тәрбиесінің" тыйым салу-репрессивті әдістерімен де орындалуы тиіс болып табылады [1,32 б.].

Бұл қазіргі уақытта бар проблемалардың аз бөлігі. Мысалы, Я. И. Гилинский: "жасөспірімдер-жастар қылмысының генезисі жалпы заңдылықтарға бағынады. Жасөспірімдер мен жастардың қылмыстылығының қандай да бір ерекше себептері жоқ. Бірақ әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, әртүрлі топтарға (страталарға) жататын адамдарға қол жетімді мүмкіндіктер теңсіздігі, жасөспірімдер мен жастарға қатысты өзгеше көрінеді" [1,32 б.].

Кәмелетке толмағандардың қылмысының өз себептері бар. Себептер-бұл қоғамдық сананың түрлі деңгейлеріндегі экономикалық, саяси, құқықтық, тұрмыстық психология элементтерін қамтитын, қылмыс салдарынан туыннататын жағымсыз әлеуметтік-психологиялық детерминанттар.

В. В. Кухарук пікірі бойынша: "кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының себептері мен жағдайлары, жалпы қылмыс сияқты,

әлеуметтік негізделген сипатқа ие. Олар ең алдымен қоғам өмірінің нақты тарихи жағдайларына, оның институттарының мазмұны мен бағытына, негізгі қайшылықтарды шешудің мәні мен тәсілдеріне байланысты" [2,89 б.].

Кәмелетке толмағандар қылмысының және оның қарқынды өсуінің басты себептері экономикалық жағдайдың күрт нашарлауы және қоғамдағы шиеленістің өсуі болып табылатыны туралы осы пікірлерге қарап ой қорытуға болады.

Х. М. Шахбанованың жұмысында: "кәмелетке толмағандардың қылмысының өз себептері бар. Себебі-бұл қоғамдық сананың түрлі деңгейлеріндегі экономикалық, саяси, құқықтық, тұрмыстық психологияның элементтерін қамтитын, қылмыстың салдары ретінде туыннататын жағымсыз әлеуметтік-психологиялық детерминанттар" деп қарастырылған болатын [3, 18 б.].

Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің пікірін негізгі ала отырып жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықтың туындау негіздерін мынадай топарға жіктесек болады:

Әлеуметтік-экономикалық жағдай:

1. Жасөспірімдерде қалыпты өмір сұру жағдайларының болмауы (қаңғыбастық, панасыздық және т.б.). Өмір сұру құралдарын өз бетінше іздеу және табу қажет.
2. Жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бөтен мұлікті иеленү иниеті.

Отбасылық жағдай:

1. Қолайсыз отбасы (маскүнемдер, нашақорлар және т.б.). Мұндай отбасыларда кәмелетке толмағандар өздері шешім қабылданап, оларға бақылау жасалмайды, ата-аналар кәмелетке толмағандарды ұрып-соғып, ұрлықпен, жезөкшелікпен және т.б. айналысуга мәжбүрлейді.

2. Гиперопекасы бар отбасылар. Кәмелетке толмағандар үнемі негіzsіz қамқорлықта болады және өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндіктері нәтижесінде кәмелетке толмағандар "қасақана" қылмыс жасайды.

3. Кәмелетке толмаған отбасында өзі өмір сүретін, бірақ сырттай отбасы қолайлы көрінетін. Кәмелетке толмаған адам қылмыс жасайды, себебі оған оның жол берілмейтінін түсіндірмейді, бұл үшін жаза қолданылатыны айттылмайды.

4. Ата-аналары, туыстары қылмыс жасауды қолдайтын және қылмысты өздері жасайды.

Психологиялық тұрғыдан:

1. Клептомания (ұрлыққа құмарлық, психикалық күйзеліс ретінде бағаланады). Кәмелетке толмағандар мұндай жағдайларда өзін бақылай алмайды, бұл ауру екенін түсінбейді.

2. Бөгде қысымда ерік сапасының болмауы. Кәмелетке толмағандар көбінесе ересектердің немесе эмоциялық күшті адамдардың ықпалымен қылмыс жасайды.

3. Кәмелетке толмағандарды қоғамнан шеттету оның ортаға теріс немесе тіпті дүшпандық қатынаста көрініс табатын бейәлеуметтік тұрақты ұстанымның қалыптасуына әкеп соқтыруы мүмкін, бұл проекция тетігі бойынша мұндай адамдардың агрессивті мінез-құлқын тудыруы мүмкін.

4. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауға психологиялық бейімділігі.

5. Психологиялық кемсіту. Кәмелетке толмаған баланың құрдастары тарапынан араласуға ұшырайды, материалдық жағынан басқа да мүмкіндіктері жоқ.

#### Ұйымдастырылмаған бос уақыт

1. Мақсаты жоқ уақыт өткізу. Қызығушылықтары, хоббиі жоқ жетілмегендер секцияларға қатыспайды, ал уақыттың көп бөлігін көшеде достар компаниясында өткізеді, көбінесе қылмыс жасауға беткейлер.

2. Бос уақытты бақылаусыз өткізу. Ата-аналар, қамқоршылар тарапынан бақылаудың болмауы кәмелетке толмағандарды қылмыс жасауга итермелейді.

Әрбір мемлекет кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартудың ерекше әр түрлі ережелерін қамтиды. Сондықтан оларды салыстыру және негұрлым тиімдісін анықтау кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту жүйесін реформалаудың өте перспективалы бағыты болып табылады. Кәмелетке толмаған қылмыскерлерді қылмыстық жауаптылыққа тартудың негіздері мен тәртібін айқындастын құқықтық негіз мемлекеттің қылмыстық заңы болып табылады. Бүгінгі таңда осы мәселені реттейтін қылмыстық құқық нормаларының екі түрін бөліп көрсетуге болады. Бірінші-кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы нормалар Қылмыстық кодекстің жеке тарауына немесе бөліміне бөлінген. Мұндай елдердің қатарына Қазақстан, Ресей, Литва, Нидерланды және т.б. кіреді. Ал екіншілері арнайы жасөспірімдерге қатысты жеке қабылданған заң нормаларымен ерекшеленеді. Мысалы, Германияда "Кәмелетке толмағандарға арналған сот төрелігі туралы" заң [5], Англияда — "Балалар мен жас адамдар туралы" заң әрекет етеді [6,33 б.]. Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі туралы қылмыстық-құқықтық нормалардың дәл осы екінші түрі әлемде кеңінен таралған. Мұндай нысан бір заңнамалық актіде топтастырылғаны және кәмелетке толмағандарды жауапкершілікке тарту мәселелері барынша толық ашылғаны тұрғысынан тиімді. Қылмыстық жауапкершілікке тарту процесіндегі басты аспектілердің бірі қылмыс субъектісінің жасы болып табылады. Әр мемлекеттің заңнамасы адам қылмыс субъектісі бола алатын жас шегінің ең тәменгі шегін белгілейді. ҚР Қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылықтың жалпы жасы 16 — да, ал арнайы жасы 14-те белгіленген. АҚШ-та -16 жаста, Германияда — 14 жаста, Францияда — 13 жаста, Англияда, кейбір қылмыс құрамы бойынша, тіпті 10 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Сондықтан қылмыстық жауапкершіліктің басталу жасын тұтастай немесе бірқатар баптар бойынша

өзгерту орынды болар еді, мұнда шетелдік тәжірибелі алу қажет. Кәмелетке толмағандардың құқықтық режимінің құрамдас бөліктегінің бірі қолданылатын жаза жүйесі болып табылады. Жаза тағайындау бұл қылмыстық процесстердің ең маңыздысы болып табылады.

Мысалға алатын болсақ, Германия мемлекетінде жасөспірімдерге жаза тағайындау процесі мұлдем бөлек жүреді. Оларда қылмыстылық жасы 14 жастан басталады және кейбір жағдайларда 21 жас аралығын қамтиды. Бұл мемлекетте жас шамасына байланысты жасөспірімдерге жаза тағайындау екіге бөлінеді олар: 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге қатысты (Jugendliche) және 18-21 жас аралығындағы жастарға қатысты (Heranwachsende). Олардың пайымдауыша 18-21 жас бұл өте тұрақсыз жас, жас адам әлі жасөспірімге теңестірілуі немесе мұлдем жетілген және ересек адам деп саналуы мүмкін.

Құқық бұзушының іс жүзіндегі жасын сәйкестендіру процесінде оның өмір суру ортасының жағдайлары, сондай-ақ қылмыс жасау тәсілі, мәнжайлары және себептері ескеріледі. Ал мұндай қылмыскерге, ересек немесе жасөспірімге арналған Кодексті қолдану осы идентификацияны көрсетеді. Аса қыын жағдайларда жасөспірімдер соты жоғары білікті балалар психологияна көмек көрсетеді [6].

Бұл мәлеметтердің барлығы ресей журналистінің Франкфурт-на-Майндегі Аксел Рокемер (Axel Rockemer) мырзаның жасөспірімдер-жастар қылмысы мәселелері жөніндегі судьясынан алған сұхбаты негізінде келтірілген болатын. Қылмыскер атанған жасөспірімдердің статистика бойынша 85 пайызы өзінің қылмыстық ортасына қайтып оралады екен. Осы статистикаға сүйене отырып біз қылмыстың қайталануын болжай аламыз сондықтан. Жасөспірімдер арасында етек алып келе жатқан қылмыстықтың деңгейін түсіру үшін мен мынадай шараларды қолдану керек деп ойлаймын.

Біріншіден, жас бала көрген нәрсесіне қызығады сондықтан қазіргі заманың тез дамуына байланысты кез келген ақпаратты кез келген уақытта және кез келген жерде алуға болады. Осыған байланысты интернет желісіндегі зорлық зомбылықты, терорлық актті насиҳаттайтын қауіпті сайттарды жабу жұмыстарын көбейту.

Екіншіден, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалунаға қатысты арнайы тегін спорт, музыкалық үйірмелер санын көбейту.

Үшіншіден, жоғарыда атап өткен Германия мемлекеті заң жүйесі негізінде жасөспірімдер кодексін қабылдау.

Қазіргі балалар-болашақ жасөспірімдер, ал жасөспірім ертеңгі жастар. Еліміздің болашағы жастарымыздың қолында сондықтан еліміздің көркейіп әріқарай дамуы осы жастарымыздың қолында!

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гилинский Я.И Преступность несовершеннолетних: криминологический анализ//Криминалистика.2010.№2

2. Кухарук В.В.Криминология.М.:Норма-М,2010
3. Шахбанов Х.М Основные причины преступности несовершеннолетних на современном этапе развития российского общества//Вопросы управления.2013.№2
4. <http://meinland.ru/blog-1866-311-ugolovnaya-otvetstvennost-nesovershennoletnih-v-germanii.html>
5. Уголовное право зарубежных стран. Общая и особенная части: учебник/ под редакцией И. Д. Козочкина — 3-е издание перераб. и доп.- М.: Волтерс Клювер. 2010.
6. <https://www.partner-inform.de/partner/detail/2011/5/211/4864/ugolovnaja-otvetstvennost-podrostkov-v-germanii?lang=ru>